



№14 (10004)
17 ақпан
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Аймақ жаңалықтары

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының аймақта жүзеге асырылу барысы талқыланды. Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары мен басқарма басшылары, «Samruk Kazyna Construction» АҚ-ның өңірлік жоба басшысы Ерік Қонақбаев және департамент директоры Тимур Дәуітов, мердігер компаниялар мен коммуналдық мекеме өкілдері қатысты.

Құрылыс уақытылы аяқталуы тиіс

Аймақ басшысы өңірдегі мектептер құрылысын уақытылы аяқтаудың өте маңызды екенін қатаң ескертті. – Өздеріңізге белгілі Мемлекет басшысы жақында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша Үкіметке және облыс әкімдіктеріне құрылыстарды уақытылы әрі сапалы аяқтауды тапсырды. Облыста 12 300 орынға арналған 21 мектеп салу жоспарланған. Биыл 6900 орындық 10 мектеп, 2025 жылы 5400 орындық 11 мектеп пайдалануға беріледі деп күтілуде. Құрылысы бытыр басталған барлық мектептерге жер телімдері беріліп, құжаттары рәсімделді. Мемлекеттік бюджеттен өткен жылы 19,6 млрд теңге бөлінсе, осы жылы 24,5 млрд теңге бөлінетін болады. Биыл тапсырылатын 10 мектептің мердігері анықталып, 9-ының құрылысы қарқын алды, 1 мектеп бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындысы кеш шығуына байланысты жұмыс енді басталады (Арал ауданы Сексеуіл көніндегі 300 орындық мектеп). Конкурс ұйымдастырушы – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Бүгінде құрылыс алаңдарына инфрақұрылым жеткізу бойынша жергілікті бюджеттен 118,4 млн теңге бөлініп, жобасметалық құжаттары әзірленді. Жобаны үйлестіруші «Samruk-Kazyna Construction» акционерлік қоғамы өкілдерімен бірлескен жол картасына сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен кейбір мектептер құрылысының уақытында аяқталмау қаупі бар. Аталған мәселелер бойынша облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төреліев баяндама жасады.

Мәжілісте мердігер мекемелерге Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іске асырылған ұлттық жобаның Үкіметтің тікелей бақылауында екені ескертілді. Жиынды қорытындылаған аймақ басшысы мердігер мекеме басшыларына құрылысшылар санын арттырып, екі ауысыммен үздіксіз әрі сапалы жұмыс жүргізіп, бытыр басталған 10 мектепті алдағы 1 қыркүйекке ел игілігіне пайдалануға беруді тапсырды. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы маусым айының соңына дейін 10 мектептің барлығын сыртқы инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етуі тиіс. Ал қала және аудан әкімдері тамызға дейін мектептерге жол-көлік желілерін жеткізуге, жарықтандыруға, абаттандыруға, жаяу жүргіншілер жолдары және аялдамалар салуға жауапты.

Қызылорда облысының педагог-шеберлерінің үлесі өте төмен. Бұл туралы облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов мәлімдеді.

Педагог-шеберлердің үлесі өте төмен



Мәселен, Жамбыл облысында 430 педагог-шебер болса, Шымкент қаласында 208 педагог-шебер бар. Ал Қызылорда облысында бар болғаны 30 педагог-шебер екен.

Оның ішінде Сырдария ауданында бірде-бір шебер болмаса, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Шіелі аудандарында 1 ғана шебер бар. Басқарма басшысы ұстаздардың белгілі бір деңгейге дейін ізденіп, оны қанағат тұтып, әрі қарай кәсіби дамуы мақсат етіп қоймауы ақтауға жатпайды деп есептейді.

– 1-8 сағат аралық жүктемемен 1 314 педагог қызмет етіп жүр. Алдағы уақытта педагогтардың жүктемесін толықтыру бағытында жұмыстар жүргізіледі. Шіелі ауданынан бастап педагогтарға қатысты толық мониторинг жұмыстарын бастадық. Басқа да өңірлерге барып ұстаздардың сағаты бойынша талдау жасалады. Яғни квалификация бойынша кім қанша, қалай мұғалім болып жүргенін анықтаймыз, – деді басқарма басшысы.

Мұнан бөлек Асқарбек Темірбекұлы Қызылордада 81 мектеп жыл бойы оң нәтиже көрсетпегенін хабарлады.

Е.СОЗАҚБАЙ

Президент

Қазақстан-Қатар: Ынтымақтастық нығаяды

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Мемлекетінің Консультативтік Кеңесі мүшелерінің алдында қазіргі жаһандық және өңірлік күн тәртібіне қатысты Қазақстанның ұстанымын білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев – Консультативтік Кеңестің алдында сөз сөйлеген алғашқы шетел Президенті. Мемлекет басшысы Қатардың 2021 жылы заң шығарушы органға алғаш сайлау өткізгенін атап өтіп, бұл шешімнің маңызы зор екеніне назар аударды. Оның айтуынша, аталған бастама Қатардың өркендеуіне ықпал етіп, халықаралық беделін нығайтады.



– Біз «Қатар – 2030» ұлттық бағдарламасын жоғары бағалаймыз. Мен қатарлық достарымызға осы игі миссияны жүзеге асыру жолында сәттілік тілеймін. Осыған байланысты Консультативтік Кеңес ауқымды реформаларға аса маңызды заңнамалық қолдау көрсетеді және негізгі ішкі процестерді қадағалап отырады, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сот төрелігі, заң үстемдігі, төңкір және жауапкершілік қағидаттарына негізделген «Әділетті Қазақстанды» құру жөнінде айтты. 2022 жылы еліміздің саяси жүйесін кең көлемде жаңғырту үдерісі басталды.

– Қазақстан барынша инклюзивті саяси жүйе мен экономика құрып жатыр. Біз есеп беру және реформа жүргізу қағидаттарын ұстанамыз әрі өткенімізге шынайы көзқараспен қараймыз. Өз дамуымызды мақтан тұтамыз және болашаққа батыл қадам басамыз. Сондай-ақ адам құқықтарын сақтауға бейілдіміз. Гендерлік теңдікті сақтау, еңбекті қорғау сияқты бірқатар бастаманы жүзеге асырып жатырмыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше,

Қазақстан мен Қатар берік достық байланыстарға, ортақ құндылықтарға және өзара қолдауға негізделген сенімді серіктестік қатынастарды құптайды. Осы ретте ол бүгінге дейін экономиканың түрлі бағытында, соның ішінде энергетика, тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс және туризм салаларында көптеген бірлескен жобаны жүзеге асырғанымызды тілге тиек етті. Сондай-ақ алдағы уақытта Қатардың Қазақстандағы ең ірі 10 инвестордың бірі болуына мүмкіндік мол екенін жасырмады. «Әмірмен кездесуде біз сауда көлемін ұлғайту жөнінде алдымызға өзен беті мұздан таза. Біз маңызды геологиялық жаңалықтарға ықпал ететін озық өлемдік тажрибелерді менгеру үшін жұмыс істеп жатырмыз» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, халықаралық көлік және транзиттік бағдарлар тағы бір мүмкіндікке жол ашады. Бұл тұрғыда Транскаспий халықаралық көлік бағытының дамуына және осы дәліз арқылы жүк тасымалы көлемінің өдеуір артуына зор үміт артылады.

– Кейінгі уақытта елдеріміз ара-сындағы ықпалдастықтың артып келе жатқанына көңіліміз толатынын атап өткім келеді. Екі елдің кәсіпкерлері мен азаматтары визасыз режим мен алпа сайын ұшатын 20-ға жуық рейстің игілігін көріп отыр. Дегенмен бұл көрсеткішті арттыруға мүмкіндік бар. Сондықтан алдымызда атқаратын қыруар жұмыс тұр. Менің сапарым және Қатар басшылығымен бүгінгі пікір алмасулар өзара қарым-қатынасымызды одан әрі нығайтуға ықпал ететініне сенімдімін, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы халықаралық мәселелерге де ерекше назар аударды. Ол геосаяси қақтығыстар мен қайшылықтардың, терроризмнің, төтенше климаттық жағдайдың жаһандық күн тәртібінен түспей тұрғанын әрі бұл дүниежүзінің қауіпсіздік архитектурасына нұқсан келтіретінін мойындау қажеттігін мәлімдеді. Оның айтуынша, барлық қауіп-қатер Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында бекітілген халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарының бір мезгілде бұзылуынан туындайды.

– Жаңа қағидаттар мен нормаларға сай келісімге келу үшін қолайлы жағдай жасаудың жалғыз жолы – диалог. Сондықтан бүкіл жанжал БҰҰ Жарғысы және жалпыға ортақ халықаралық құқық негізінде шешілуге тиіс. Мен бұған сенімдімін. Қауіпсіздік Кеңесіне жан-жақты реформа жүргізбей, бұл түйткілдің түйінін шеше алмаймыз. Ал Қауіпсіздік Кеңесі тығырықтан шығатын жол таба алар емес. Демек оның мүшелерінің құрамын анағұрлым кеңейту қажет. Бұл ретте Қазақстан Кеңесте орташа державалар мен дамушы елдердің де үні естілуі керек деп санайды. Осы орайда Қазақстан, Қатар дүниежүзідегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау ісінде елеулі рөл атқара алады, – деді Президент.

Президенттің пайымдауынша, Қатармен көпжақты серіктестіктің орнықты дамуы өңірдегі, әсіресе Ауғанстандағы қауіпсіздік пен тұрақтылыққа тікелей байланысты.

Қазақстан БҰҰ арналары және басқа да халықаралық ұйымдар арқылы Ауғанстанға көмек көрсетіп келеді. Аталған өлмен экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін Қазақстан «Талибан» қозғалысын лаңкестік ұйымдар тізімінен алып тастады. Бұл қадам, сондай-ақ еліміздің Алматыда Орталық Азия елдері мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның орнықты даму жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы бастамасы Ауғанстанның әлемдік қоғамдастыққа қосылуына септігін тигізеді деп санаймыз. Бұл ауған халқына гуманитарлық қолдау көрсетудің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады деп сенеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент климаттың өзгеруі және көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі міндеттемелердің орындалу барысына да тоқталды. Елімізде маусымда «Баянды болашақты бірге құрайық» атты 2-ші Астана халықаралық форумы өтеді. Мемлекет басшысының сөзінше, бұл алаң климаттың өзгеруі, азық-түлік тапшылығы және энергетикалық қауіпсіздік секілді көптеген өзекті проблеманы шешу үшін күш біріктіруге ықпал етеді. Бұдан бөлек Қазақстан мен Франция Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясы аясында One Water салалық саммитіне тең төраға болмақ. Сонымен қатар Астана 2026 жылы БҰҰ аясында Өңірлік климат самитін өткізуге ниетті. Мұндай ұжымдық іс-әрекет пен ынтымақтастық климат проблемасын шешуде үлкен маңызға ие.

Ерлан АНУАРУЛЫ

Сапар

«Қызылорда су торабының» жағдайымен танысты

КЕШЕ АЙМАҚҚА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРІ ШЫҒЫС ӘРИНОВ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ. САПАР АЯСЫНДА МИНИСТР ОБЛЫС ӘКІМІ НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВ ПЕН БІРГЕ «ҚЫЗЫЛОРДА СУ ТОРАБЫНА» БАРЫП, СЫРДАРІЯ ӨЗЕНІНДЕГІ СУ ДЕҢГЕЙІН БАҚЫЛАДЫ.

Еске салсақ, өткен жылдың соңына таман, яғни желтоқсан айының 9-11 аралығында күр жүріп, Сырдария өзенінде мұз ұстасу басталды. Бүгінде облыс аумағына секундына 180 текше метр су түсуде, өткен жылдың есепті кезеңінде 551 текше метр су келген.

Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандары мен Қызылорда қаласы маңында мұз толықтай ұстасқан. Шіелі ауданының Желек өлді мекені тұсында мұз ұстасуда. Жаңақорған ауданы аумағында өзен беті мұздан таза.

Қазір су басу қаупі бар аумақтар жеткілікті күштері мен құралдары бар мекемелерге бекітілген, 364 арнайы техника және 1 102 адам дайын. Су тасқынына қарсы материалдық-техникалық қор қажетті көлемде жасақталған, оның ішінде 117,9 тонна жанармай (бензин – 48,9 тонна, дизель – 69 тонна), 139 902 дана қап және басқа да материалдар жеткізілді.

Тасқын қаупі туындаса, халықты көшіру пункттері дайын. Облыс аумағында 59 эвакуациялық жинақтау және 69 эвакуациялық қабылдау пункті бар. Жергілікті атқарушы органдар және су шаруашылығы мамандары тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырған.



Төтенше жағдайлар министрі Қызылорда облысында қауіпсіздік шаралары барлық талапқа сай үйлестірілгенін атап өтті.

Айта кетейік, Сыр өңіріне сапары барысында ведомство басшысы жергілікті өрт сөндіру бөлімдерін аралап, Төтенше жағдайлар министрлігі аумақтық бөлімшелерін материалдық-техникалық жарақтандыру барысымен танысты.

«2021-2023 жылдарға арналған ҚР ТЖМ аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты мекемелерінің материалдық-техникалық жарақтандыру туралы» жол картасы аясында облыстық төтенше жағдайлар департаментіне 2021-2023 жылдары

аралығында облыс бюджетінен 664,5 млн теңге қаржы бөлінді. Оған 74 материалдық-техникалық құрал-жабдық, оның ішінде 1 «АЦ-5-40» өрт сөндіру автоцистернасы, 3 жеңіл жедел автомобиль, 4 сегіз орынды үрмелі қайық, 5 тасымалданатын мотопомпа, 15 қозғалмайтын сигнализатор, 4 аспалы қайық моторы, инженерлік жабдықтарды сақтауға арналған үй-жай болған жоқ. 2022 жылы жергілікті бюджеттен 54,3 млн теңге бөлініп, құтқарушыларға арналған құрастырмалы жиналмалы модульді үй сатып алынған.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Мәселе

Коммуналдық қызмет құны қымбаттайды

Биыл коммуналдық қызмет тарифтері тағы да қымбаттамақ. Халық күнделікті тұрмысына қажетті азық-түліктен бөлек коммуналдық қызмет түрлерінің қымбаттағанына наразы. Ұлттық экономика министрлігінің ақпаратына сүйенсек, ел тұрғындары әсіресе қыс мезгілінде электр қуатын рекордты деңгейде қолданады екен. Ал күн сайын 3 500 литрге жуық су тұтынады екенбіз. Мәселең, Ұлыбритания азаматтары тәулігіне 348 литр су қолдана, біздің ел ең көп тұтынатын елдер қатарында. Яғни әлем бойынша 11-ші орында тұрмыз. Тариф құнын көтеру суды үнемдеуге септігін тигізсе ме? Осы және өзге де сұрақтардың түйінін тарқатайық...



2022 жылдың қыркүйек айында Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында нақты тапсырмалар берген болатын. Яғни инфрақұрылымдық желілердің тозу деңгейі өте жоғары болғандықтан «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасына ауысу керектігін мәлімдеді. Аталған бағдарламаның басты мақсаты – коммуналдық желілерді жаңғырту, жаңарту, желілердің тозығын төмендету, авариялық өшірулердің, мезгілсіз ажыратулардың алдын алу және көрсетілетін қызметтің сапасын арттыру.

Былыр жазда су, газ, электр қуатының бағасы қымбаттады. Алайда қымбатшылық бұнымен тоқтамай, биыл да елімізде коммуналдық тариф бағалары өспек. Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаровтың айтуынша, Қазақстанда коммуналдық қызмет құны кезең-кезеңмен көтеріледі.

Коммуналдық қызмет тарифтері 20-30 пайызға өседі

Бұрынғы Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров тарифтерді түзету әр жылы күтіледі, өйткені тарифтік бағдарлама жеті жылға созылады. Орташа алғанда, кейбір субъектілер мен ТҚШ түрлері бойынша тарифтердің өсуі 10-15 пайыз болады. Бұл орташа есеппен 20-30 пайызды құрайды деген болатын.

Тұрғындар қанша төлейді?

Елді мекендердің электр желілерін дамыту бойынша ауданда электр желілерінің жалпы ұзындығы 457,5 шақырым болса, электр жүйелерінің орташа тозу деңгейі 45,2 пайызды құрайды. Осы бағытта былыр Ақсу және Қаракеткен елді мекендерінің электр желілерінің қайта жаңғырту жұмыстарына республикалық бюджеттен 270,3 млн теңге бөлініп, жөндеу жұмыстары толық аяқталған. Ал биыл Мырзабай ахуң, Аламесек, Мақпалкөлде электр желілері жаңғыртылады.

Аудандағы электр бағасының жай-күйі жөнінде «Шиегі жарығы» ЖШС аудандық филиалының басшысы Батыржан Жылқыбаевпен тілдестік. Оның айтуынша, қазір жеке тұлға, мекеме, жеке кәсіпкер, заңды тұлғалардың барлығына баға теңестірілген. Ол орташа базалық тарифі 1 кВт сағатына қосымша құн салығынсыз

18,90, қосымша құн салығымен 21,17 теңге екенін айтты.

– Тариф 3 деңгейге бөлінген. Электр плиталарын қолданбайтын тұтынушылар 1 деңгей бойынша 1 адамға 1 айға (70 кВт.сағатқа дейін) 20,70 теңге, 2 деңгей бойынша 1 адамға 1 айға (71 – 150 кВт.сағат аралығы) 25,40 теңге, 3 деңгей бойынша 1 адамға 1 айға (150 кВт.сағаттан жоғары) 31,74 теңге төлейді. Ал электр плиталарын қолданатын тұтынушылар 1 деңгей 1 адамға 1 айға (90 кВт.сағатқа дейін) 20,70 теңге, 2 деңгей 1 адамға 1 айға (91–170 кВт.сағат аралығы) 25,40 теңге, 3 деңгей 1 адамға 1 айға (170 кВт.сағаттан жоғары) 31,74 теңге төлейді. Сондай-ақ жалғыз тұратын зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандарға, Ұлы Отан соғысына қатысқан тұрғындарға жеңілдік қарастырылған. Олар 1 деңгей бойынша 1 адамға 1 айға (100 кВт.сағатқа дейін) 20,70 теңге, 2 деңгей бойынша 1 адамға 1 айға (101 – 170 кВт.сағат аралығы) 25,40 теңге, және 3 деңгей бойынша 1 адамға 1 айға (171 кВт.сағаттан жоғары) асса 31,74 теңге төлейді, – дейді «Шиегі жарығы» ЖШС аудандық филиалының басшысы Батыржан Жылқыбаев.

Оның айтуынша, соңғы рет коммуналдық қызметке төлем 2023 жылдың 15 қазанында 21,17 теңге болып белгіленген. Аудан бойынша әзірге төлем тарифі көтерілмейді. Көтерілмес бұрын тиісті мекемелердің қатысуымен халықпен арнайы кездесу ұйымдастырылатынын айтты.

АӘҚ алатындар 16,20 теңге төлейді

Тұрғындар үшін өзекті газ мәселесі де кезең-кезеңімен шешімін табуда. Аудан әкімінің назарынан тыс қалмаған бұл мәселе бойынша ауданда бірқатар жоба жүзеге асырылуда. Мәселең биыл Ақсу және М.Шәменов елді мекендерін газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Былыр басталған бұл жұмысқа облыстық бюджеттен 83 млн теңге қарастырылса, биыл 236,3 млн теңге бөлінген. Қазіргі таңда мердігер мекеме құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуде.

Аудан тұрғындары көгілдір отынның игілігін 2021 жылдан бастап көруде. Бүгінде көнтте 2 861 тұрғын үй және 20 әлеуметтік, 127 кәсіпкерлік нысан орталықтандырылған газ желісіне қосылған. 2021 жылдың шілде айынан бастап көгілдір отын пайдаланған тұрғындар әрбір текше метрге 19,51 тг төлесе, 2023 жылдың шілде айында 20,52 теңгеден төлем жасаған. Дегенмен бұл

қымбатшылық жыл соңында қайта өзгерген. Яғни 2023 жылдың 1 желтоқсанынан 2024 жылдың 30 қарашаға дейін 1 текше метрге ҚҚС-мен 20,25 теңгеден төлем жасауда.

Айта кетейік, мекеме мемлекеттік атаулы әлеуметтік және тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушыларға көмек қарастырған. Яғни әлеуметтік осал тұтынушылар үшін тариф құны ҚҚС-мен 16,20 теңгеге дейін төмендеген.

– Бізде төлем әр айдың 25-іне дейін қабылданады. Коммуналдық қызмет құнын төлемеген тұрғындарға ең алдымен ескерту мен қоса төлем жасау үшін 10 күн уақыт беріледі. Ал берілген мерзім ішінде төлем жасамаған тұрғындардан төлемді өндіру үшін сотқа жүгінеміз. 2022 жылы 4 тұрғын қызмет құнын көшіктіріп, сот арқылы төлеген болатын, – дейді аудандық газ шаруашылық директоры Сәбит Жанашев.

Судың да сұрауы бар

– Су – маңызды ресурс. Біз оны үнемдеуге тырысуымыз керек. Мысалы, сіз моңшаға барсаңыз, онда судың текке ағып жатқанын көресіз. Оны өшіру керек. Өкінішке қарай үнемдеу жоқ. Өте маңызды ресурс болғандықтан суды үнемдеуіміз керек. Тариф өседі. Бүгінде суға 200–500 теңге төлейміз. Сондықтан мұнда су тарифін айтарлықтай көтеруге болады. Олай істемесек, үнемдеу болмайды, – деді былыр Үкіметтің баспасөз орталығында бұрынғы Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров.

Жалпы адам сусыз өмір сүре алмайтыны белгілі. Адам ағзасындағы судың көлемі небәрі 2 пайызға кемігенін өзінде қатты шек басады. Ал кемі 10 пайызын жоғалтса, адам сандырақтап, өлсірейді. Адамды 20 пайыздық судың жеткіліксіздігі өлімге дейін екеледі екен. Негізінен дәрігерлер судың пайдасы туралы жиі айтады. Оны жеткілікті мөлшерде ішу арқылы түрлі аурудан құтылуға болады. Мәселең, артық салмақтан арылу, жүрек жұмысын жақсартуға судың көмегі зор. Күніне 1,5–2 литр су ішетін адамдарда жүрек талмасына деген қауіп едәуір азаяды. Ғалымдардың зерттеуінше, адам сусыз 5–6 күн ғана өмір сүре алады. Орта есеппен адам өмірінің соңына дейін 35 тонна су ішеді екен.

Әрине халықты таза, сапалы сумен қамтамасыз ету – басты міндеттердің бірі. Осы ретте өткен жылы Аққұм, Мәдениет елді мекендерінің ауыз су жүйесін кеңейту

және «Ақтерек» учаскесінің су ұңғымалары және су жинау-тарату кешенінің құрылысы мен сумен жабдықтау жүйесінің құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді. Қазіргі таңда аудан тұрғындары 100 пайыз орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілген.

– Бізде төлем құны әлі көбейген жоқ. Көбейтілмес бұрын антимонополияға ұсынылады. Төлем ақысы көтерілгенмен қарапайым халыққа еш зияны жоқ. Былыр төлем бағасы 384 теңге еді. Ал қазір 307 теңге. Алайда халық бұл төлемнің тек 30 теңгесін төлейді. Қалғанына жеке тұлғаларға мемлекет субсидия береді. Төлемді көтерудегі мақсат – мекеменің жағдайын жақсартып, қызметкерлердің жалақысын арттыру, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету. Тариф құнының артқаны мекемелерге, заңды тұлғаларға, кәсіпкерлерге әсер етеді, – деді аудан бойынша оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістің бөлімшесі бастығының орынбасары Қуаныш Әбдуаитов.

Оның айтуынша, есептегіш құралы жоқ тұрғындарға ең алдымен ескерте қағаз толтырылады. Тұрғынның шама-шарқына қарай құрылғыны құрға 1 апта немесе 10 күн уақыт беріледі. Егер ол уақыт аралығында ескерте алған тұрғын құрылғыны құрмаса, күнделікті құбырдың диаметріне байланысты кеткен судың шығынын есептеп, төленетін баға бойынша акт толтырылады. Былыр рейд жұмыстары барысында ауданда 50-ге жуық тұрғын мен 20-ға жуық мекемеге бір емес, бірнеше рет ескерте жасалған. Қуаныш Оңдасынұлы тариф құнын төлемегендерден төлем өндіріп алу үшін сотқа арнайы құжат дайындалып жатқанын да жеткізді.

Су, жарық, жылу – тіршілік көзі. Кейде бір сағат су немесе жарық болмай қалса, сабырсыздық танытып, ашуланатымыз да рас. Үнемдеу үшін коммуналдық қызмет бағасын көтермек болған бұл шешімді кейде дұрыс па деп ойлаймын. Себебі кейде үздіксіз берілетін күнделікті қажеттілігіміздің қадірін білмей, ысырапшылдық танытып жатамыз. 1 сағат ағатын ауыз суға сағаттап кезекке тұрған күндерімізді ұмытып, күнтің аққан суды еспесіз пайдаланудамыз. Судың да сұрауы бар екенін ескеріп, барлығын үнемдеп үйренгеніміз жөн.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Тағзым

Тарихты ақтарсақ, 1979 жылы Ауғанстанға кеңестік әскер кіріп, 1989 жылға дейін он жыл Ауған жеріндегі ұрыс қимылдарына қатысты. Ауған соғысына кешегі кеңестік дәуірде әскерде болған қазақ жауынгерлерінің қатысуы – біздің тарихымыздың қасіретті беттерінің бірі.

Ерлік – ел есінде



Биыл осы Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толып отыр. Ол жылдар артта қалса да, оның қасіреті ел жадынан өшкен жоқ. Осыған орай аудандағы шаралар легі «Тағзым» алаңында бастау алды. Оған аудандық мәслихат төрағасы Әмірзақ Елеусінов, бірқатар ел ағалары, ауған соғысының ардагерлері мен ұрпақтары және көпт тұрғындары қатысты. «Тағзым» алаңына жиылған жұрт қаза тапқан қазақ жауынгерлерінің ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, олардың рухына құран бағыштап, бір минут үнсіздіппен еске алды.

Дәл осындай тағылымды шара мұнан кейін Қонысбек Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде жалғасын тапты. «Ардагер ағаларымыздың ғибратты жорық жолын жас ұрпаққа насихаттау, тарихтан тағылым алуымыз керек. Сіздер қазақ деген халықтың сертке берік, ел дәстүріне адал екенін дәлелдедіңіздер» деген мәслихат төрағасы Әмірзақ Елеусінов қасіретті жылдар ұмытылмайтын, ауған соғысына қатысқан әрбір азаматқа, ардагерге ерлік істері үшін қандай құрмет көрсетсе де лайық екенін жеткізді.

Шара барысында ауған соғысына қатысқан ардагерлер ерен ерліктері үшін облыс әкімінің алғыс хаты мен мерекелік төсбелгілермен марапатталды.

Айта кетейік, 23 мың қазақстандық жауынгер Ауғанстандағы соғысқа қатысты, әскери борышын өтеді. Олардың 26-сы елге оралмай із-түссіз кетті. 749 қазақстандық жауынгер Ауғанстан жерінде қаза тапты. 393 қазақстандық мүгедек болып оралды. Ауған жеріндегі соғысқа 821 қызылордалық қатысса, оның 18-і ұрыс даласында қаза тауып, 31 жауынгер мүгедек болып оралды. Біздің ауданнан 33 жауынгер Ауған жерінде интернационалдық борышын өтеді.

«ЖОЖ» ақпарат




СӘРСЕНБЕДЕ СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XIV СЕССИЯСЫ ӨТТІ.

ОҒАН ДЕПУТАТТАРМЕН ҚАТАР АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ АРНҰР НҰРМАҒАНБЕТОВ, ҒАНИ СҮЛЕЙМЕНОВ, МЕКЕМЕ, БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ, КЕНТ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Сессияны аудандық мәслихат төрағасы Әмірзақ Елеусінов жүргізіп, күн тәртібіндегі келелі мәселелер қаралды. Бірінші «2024–2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» және аудандық мәслихаттың 2023 жылғы 25 желтоқсандағы №12-2 шешіміне өзгерістер енгізу жайы пысықталды.

Бұл мәселе бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Нұрсұл Маратқызы облыс әкімдігінің 2024 жылғы 7 ақпандағы №24 қаулысы негізінде түсімдер жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер есебінен 46,5 млн теңгеге ұлғайтылатынын тілге тиек етті. Бұл қаржыны «Жалағаш кентінде дене шынықтыру сауықтыру кешенінің құрылысы» жобасын қоса қаржыландыруға және Таң елді мекенін шаруашылық ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларын өндіруге арналған №2-Т барлау пайдалану ұңғымасын бұрғылау жобасына бағытталатынын айтты.

Сондай-ақ ол аудан әкімдігінің 2024 жылғы 1 ақпандағы №15 қаулысымен «Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі», «Жалағаш ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі», «Жалағаш ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып құрылуына байланысты қайта ұйымдастырылған мекемелердің қаржыларын бірыңғай бюджеттік сыныптама талаптарына сәйкес қайта бағытталатынын жеткізді.



Күн тәртібіндегі екінші мәселе қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөнінде ауданы әкімдігінің жанындағы консультациялық-кеңесші органын есебі туралы болды.

Бұл бойынша аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов аудан әкімдігі жанындағы консультациялық-кеңесші органмен 2023 жылғы 5 рет отырыс өткізілгенін, 2023 жылдың 1 қаңтарында аудандық полиция бөлімінде 5, аудандық пробация қызметінде 29, барлығы 34 азамат есепте болғанын, жыл соңында аудандық полиция бөлімінде 5, аудандық пробация қызметінде 52, барлығы 57 адам тұрғанын, және 19 адам тұрақты жұмысқа орналастырылғанын жеткізді.

Оның ішінде мерзімінен бұрын шартты

түрде босатылғаны 5, бас бостандығын шектеу жазасы 33, шартты түрде сотталғандар 13, белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылданау тыйым салынған 2, көмекке толмағандар 4. Есепке алынған 57 адамның 30-ы кент орталығынан, 27-сі ауылдық округтерден.

Ауданда былыр түзету мекемелерінен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарға мәдени қызмет көрсету бағытында мәдени шараларды өзара бірлесіп өткізу арқылы, олардың сана-сезімін, қоғамдық ортадағы жүріс-тұрыстарын және тәрбиелерін өзгертуге ықпал ету мақсатында бірқатар жұмыс атқарылған.

– Аудандық пробация қызметінің есебіне алынған және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды саалауатты емір салтына тартуға, қоғамға бейімдеу мақсатында «Наркескен» спорт клубы коммуналдық мекеметтік мекемесінде

спорттық үйірмелерге қатысуға және фитнес залында дене жаттығуларымен күнделікті айналысуға мүмкіндік жасалған. 2023 жылдың ақпан айында Тоғанас батырдың 210 жылдығына орай үстел теннисінен өткізілген аудандық жарысқа, Наурыз мейрамына орай ұлттық спорт түрлері жарысына, сәуір айында аудан әкімінің арнайы жүлдесі үшін «TARTYL FEST» жарысына, мамыр айында Ұлы Жеңіс күніне орай көрмеге тартылудан өткізілген жарысқа, мамыр айында ҚР Мемлекеттік рәміздері күні мерекесіне арналған ересектер арасында 3,5 шақырым қашыққа жүгіруден аудандық марафонға және Халықаралық жастар күніне орай облыстық шағын футболдан өткізілген сайыстарға қатыстырылды, – деді аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов.

Айта кетейік, биылдан бастап бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарға 15 айлық есептік көрсеткіш көлемінде әлеуметтік көмек беру

қарастырылмақ.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің сектор меңгерушісі Нұржан Есеналиев аудандық жер комиссиясы туралы ереженің негізгі қағидадарына тоқталып, жер комиссиясының лауазымдық құрамымен таныстырды.

Төртінші мәселе аудан әкімдігінің дербес құрамына келісім беру туралы болды. Бұл жөнінде аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы Қайрат Жапбасбаев аудан әкімінің 2024 жылғы 12 ақпандағы №72 өкіміне сәйкес Жалағаш ауданының алқалы органы аудан әкімдігі мүшелерінің саны 10 болып айқындалғанын айтып, Жалағаш ауданының әкімдігінің дербес құрамымен таныстырды.

Соңғы мәселе бойынша хабарлама жасаған аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы Қайрат Жапбасбаев «Жалағаш ауданының басқару схемасы туралы» аудан әкімінің 2024 жылғы 12 ақпандағы №1 шешімімен таныстырып, Жалағаш ауданының басқару схемасын бекітуді ұсынды.

Мәслихат депутаттары тарапынан сессияға ұсынылған мәселелер бір ауыздан қолдау тауып, шешім жобалары мақұлданды.

Сессия соңында аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов аудан бюджетіне енгізіліп отырған өзгерістер туралы, ауданның басқару схемасы, кәсіпкерлікті дамыту және ауданға инвестиция тарту мәселелеріне қысқаша тоқталып, алдағы жұмыстарға сәттілік тіледі.

Сессия жұмысын аудандық мәслихат төрағасы Әмірзақ Елеусінов қорытындылап, алдағы кезекті сессияда қаралатын мәселеге байланысты уақытша комиссия мүшелеріне ұсыныс-пікірлерін жинақтап беруді ұсынды.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Кенесарының күрескерлік қасиеті

Абылай хан мен Анна Иоанновна арасында «Орысқа қазақ хандығы шекарасынан аттап енбейді, қазақтан солдат алмайды» деген келісім бар еді. Қазақ жұрты тек салық төлеу жөнінде міндеттенген. Уәли ханның тұсында осы келісім қасақана бұзылып, ақ патша әскері қазақ даласына дендей еніп, бекіністер сала бастады. Бір кездегі емін-еркін жайлаған өзен-көлдер мен жайылымдарға енді казак-орыстар ұлықсатсыз аттап бастырмады. Тіпті қазақтар тұз алып жүрген қайраңдарға да бара алмай қалды. Осыған шамданған Қасым сұлтан бауыры Уәли ханға арыз айта келді. «Әкеміз Абылай ұшы-қиыры жоқ ұланбайтақ даланы жайлаған қазақтың басын қосып, іргелі ел етіп еді. Ел – жермен ел, жерден айырылу – елдіктен айырылу» деген уәжін ағасының дәрменсіздігін көрді.

Ханнан лаж болмаған соң өзі бастап атқа қонды. Бұған Уәли ханның ұлы Ғұбайдолла қосылды. Қасымның ержеткен қос ұлы Есенкелді мен Саржан шықты. Бұл уақта Кенесары ес біліп қалған 7-8-дегі бала еді.

Ел шетіне емексіне енген дұшпанға айбат шеге дүбінген Ғұбайдолла мен Саржан бастаған жасақ дүрк көтерілді. Аузы түктілердің ұйлыққан слободақаларын шауып, атамекеннен тықсыра қуды. Ақ патшаның үстемдігін көздеген губерния басшылары қарулы отряд шығарып, Қасым ауылын ұлардай шулатып, үйінің шаңырағын ортасына түсірді. Шүтесері бар мылтық кезекпен қаскөйлерден тайынып қалмай, қазақтар қайта орыстарды шапты. Алма-кезек шайқас жиілеп, орыс пен қазақтың арасы ушықты.

Қасым сұлтан көтерілістің көсеміне айналды да атығай-қарауыл уақ-керей, қанжығалының сұлтаны Ғұбайдолла қол бастап, Есенкелді мен Саржан оның оң қолы мен сол қолы болды. Осы шайқастарға Қасым ұлдарының ат жалын тартып міне алатындарының бәрі қатысты. Бала болса да Кенесары да шет жағын байқады.

1819 жылы Уәли дүние сапды. Әкелерінің көзі тірісіндегі әсиеті бойынша оның орнына мұрагерлікпен үлкен ұлы Ғаббас ақ киізге көтерілуі тиіс еді, көп ұзамай Ғаббас сұлтан да төтеннен келген науқасқан көз жұмды. Ата-баба жолымен ендігі шаруаны жалғастыру Ғұбайдолланың пешенесіне бұйырды. Уәли ханның асынан соң ежелгі салт бойынша сөз ұстаған билер, беделді рубасылар мен ақсақалдар кеңесе келіп, Ғұбайдолланы таққа отырғызған. Сөйтіп ол 1820 жылы хан сайланды. Алайда бұған отаршыл ақ патша үкіметі мүлде қарсы ниет танытты. «Ақ патшаның боданындағы жұрт мұндай елдік істерді орысханың мақұлдауымен ғана жүзеге асырады. Ал қырғыздың (қазақ) хан сайлауына рұқсат жоқ» деп кесіп айтты.

Осы арада қазақтағы хандық жүйені біржола құртуды көздеген патшалық империя арнайы құжат әзірлеп жатқан еді. Ол 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы ұста» деген атаумен қолданысқа еніп те кетті. Оны ел іші «ұстап» деді.

Отарлаушылар көздеген істі нәтижелі жүргізу үшін Сібірді шығыс және батыс деп екіге бөлді. Батыс Сібірге Тобыл, Томбы, Омбы өңірлері және оның құрамына орта жүздің дені, кейінірек ұлы жүздің жартысына жуығы енді. Әрі бұл аймақ «Сібір қырғыздарының облысы» деген атқа ие болды.

Патша билігі отарлау саясатын қарқынды жүргізетін қазақ даласын реформалаудың амалына қызу кірісті. Ұстапты мейлінше жылдам іс жүзінде асыруға барын салды. Орта жүзді 8 дуанға бөлді. Осы отаршылдық құжаттың негізінде Қазақ хандығында ең алғашқы орыстың басқару аумағы болып, 1824 мешін жылы 8 ақпанда Қарқаралы өкірігі ашылды. Оның аға сұлтан басшылық лауазымына подполковник Тұрсын Шыңғысов отырды. Бұл уақта орыстардың жымысқы саясатының «салқынымен» хан әулетінің бірқатар төресі олардың айтқанына әбден көніп, ықпалынан шыға алмайтын халге жеткен. Сол жәреукелердің қолдап-қолпаштауымен қазақ жұртындағы екініші болып құрылған дуан Көкшетау сыртқы өкірігінің 1824 жылы 29 сәуірдегі салтанатты ашылуында Ғұбайдолланы аға сұлтан етіп сайлады. Ондағы-лары хандыққа ұмылған сұлтанды орыс билігінің перменімен дуанбасы жасасақ, ашуы басылар, өкпесі тарар деп қорытқан. Бірақ еркін ескен тұз тағылары мен Қасым бастаған төрелер ата-баба жолы мен дәстүрін жаңғыртпақ ниеттерінен қайтқан жоқ. Аға сұлтан Ғұбайдолла хандық биліктің күйрегеніне, тұтас елдің қырық құрауға айналғанына қатты қапаланды.

Сөйтіп дешті даласындағы хандық дәуір жойылып, орыс әкімшілік тәртібі енгізіле бастады. Отаршылдық бағыттағы әрекеттер халықтың бытыраңқылығынан қарқынды жүрді. Көптеген



ру басылар тәтті сөз бен «жарқын» болашаққа алданып, бодандыққа мойынсұнды. Орысша оқыған төрелердің бәрі ақ патшаның дайын кіші офицері болды. Шені жоқтарына казак-орыстың хорунжий оқасын берді.

Есенкелді мен Саржан жазалаушы отрядпен бірнеше дүркін ұрыс жүргізіп, ақыры Түркістан төңірегіне өткенде Ғұбайдолла қызметінде қала берді. Көтеріліске қолдау білдіріп, көмек беруден де тайынбады. Осы кезде Саржан сұлтан «Ғұбаш көке, Абылайдың ұрпағының бәрі сөңдей емес, сен ата-баба аманатына адалдығыңды көрсеттің. Біз атажұртқа ұзақ тұра алмаспыз. Бірақ қандай заман болса да Абылай ұрпақтарының арасынан Көкшетауда, яғни Абылай туын тіккен Ақ орданың маңында біреуіміз қалуымыз керек. Ол – сен боласың, сондықтан тікелей ұрысқа араласпа. Ресей бодандығына қарсы күреске біз жетеміз», – деді.

Бір кезде тұтас Қазақ хандығының дәрегейінде болған дешті даласы заманның аумалы-төкпелілігінен екіге җарылды. Алатаудың етегі Ілге дейін, Мойынқұм, Қарақойын, Қашырлы, Сарысу, Ұлытауға дейін, Сырдария, Арал тегіс Қоқан хандығының ықпалына өтіп кеткен. Терістігі мен батысы русыздар өзгінсінде жатыр. Елді азат етемін деп Саржан Ташкент құшбегі Мөметәлімді Арқаға екі қайтара қолымен ертіп келіп, екеуінде де нәтижесіз тірлікке ұшырады. Ақырында Қаратауға қоныс аударған әкелерінің соңынан аттанды. Олардың онтүстікке келуі уағында Абылайдың алмас қылышы кескілеген қоқандықтарды шошындырып, «Абылайдың өзі болмаса да, көзі келді, ту көтерер көзі келді» деп үрейленді. Қоқан ханы Мәделі мен Ташкент құшбегі Бегдербек «орысқа шабу жайын ақылдасамыз» деп алдап шақырып алып, өкі төрені 18 төлегінгімен өлтіріп жіберді. Міне, осы кезде көрлі төре Қасым Кенесарыға батасын беріп, ел басқару жолы енді сенікі деді. Кісесінен күміс қынды сапысын шығарып ұлына ұсынды. Сонда Кенесары сапыны қынынан суырып алып, маңдайына тігізіп, жүзінен сүйді. «Осы от пен суға суарылған алмастың жүзіндей қас-жауларымыз аямай бауыздауға ант етемін!». Қос жанары көк пен өшпенділікке тұнып, семсердің жүзімен серттесті.

Қасіретті Қасым дәл сонда «Абылайдың ендігі айбынын сырт жауға таныта алса, халқы үшін жанынан кешкен, тәуелсіздікті тәңірдей туып өткен тарлан ғана танытпақ. Басыңныңың шылауына түсіп кеткен өззімнен кіндіктес жұртқа үміт артпаймын, үміт – халықтың өзінде. Қара нардай қабырғасы қайыспас қайсарлар туады өлі. Тек солардың қолына туған жердің түмін ұстатып, дербестік дегеннің дәмін татыру керек» деген ой үстінде тұр еді. Өткен, өзі де аңдушылардан қапыда мерт болып, Кенесары бір жыл қоқандықтардың қолында зындада отырды. Ташкентте абақтыда отырып, елді азат етудің, жеңіске жетудің жолдарын ойлады. Ақыры құтылып шығып, өлін Шу бойынан Ұлытау жаққа көшіріп екетті.

Жаңа өңірге жетіп, жиылған жұртқа «Енді менің алдымда, жалпы Абылай ұрпағының алдында қазақ халқы бодандыққа бермейтін, басын біріктіретін, есесін қайтарып, несібеің түгендейтін іс тұр. Соған біржола бекініп көлдім. Абылай атамның ақ туын қайта көтеремін халқыма тегіндігін өперемін!» деді. «Ой, айналайын, дегенің жеті! Алла жар болсын!» деп халық дүркірей қолдады.

Бұл уақта Арқа мен теріскей, батыс аймақтар сегіз дуанға бөлініп, орыстардың боданына айналып кеткен көз. Ақмола өкірігінен Төртүгүл болысының сұлтандары – Күшік, Жадай, Жанай Айшуақовтар, билері – Сейдалы Жанмурзин, Аққошқар Кішпентаевтар Қасымұлының қайсарлығын қызу қолдады. Көкшетау өкірігінен өзінің жақындары Ниген Уәлиұлы, Таны Тортайұлы, Қанқожа Уәлиұлы, ханша

Айғаным аталары Абылай көтерген ақ тудың астына жиылды. Баянауыл өкірігінен Мамаң Тоқтамыс, Таймас, Дүйсенбі, ағайынды Абылаевтар мен Рүстемөвтер, Жәнібек Абылпайызов сұлтандар Кенесары қолына қосылды. Барлығы он сегіз сұлтан, он сегіз би, жеті старшын Қасым ұлдарының ұйғарымын мақұлдап, жандарынан табылды. Өзге де көптеген халық батыры, тұтас ел бірікті. Әрине билік құлағында отырған қарсыластар одан да көп еді. Әуелгіде қосылып, тайып кеткендер де болды.

Осы жерден қол құрап, азаттық арпалысын Көкшетау өңірінен бастады. Ақтау бекінісін екі қайтара шапты. Бекініс коменданты, әскери старшина Симоновтың отрядын талқандады. Келесі жолы мұздай қаруланған командир хорунжий Рытовты отрядымен жойып жіберді. Қараөткел мен Қызылжар арасында Чириков пен Карповтың жасақтарын қырғынға ұшыратып, ырқына көнбеген кейбір сұлтандардың ауылын шапты. Ең берік қамал Ақмола дуанының кірепісі болып тұрған Қараөткелді басып алып, өртеп жіберді. Әрі бұл майданның атын «Ұлы ту» деп атап, атасы Абылайдың туын Ақмолаға тікті. Қазақ даласына жер аударылып келген поляк ақыны Адольф Янушкевич елді оқиғадан соң араға бес-алты жыл салып, «Ақмола – ұлы даланың болашақ астанасы» деген сөзін қағазға түсірді.

Кенесарыға ақ патша билігімен қатар соларға берілген күллі төре тұқымы қарсы болды. Ақырында Торғай, Ырғыз жаққа ауып, 1841 жылы 1820 жылы құлап қалған Қазақ хандығын Ұлытауда қайта құрды. Оған үш жүздің баласы қатысты. Ақ киізге көтеру шарасын Шақшақ Жәнібектің жиені кіші жүздің Шеген биі, орта жүзден атығай-қарауылдың өз Бөгенбай биі жүргізіп, өзге де халық батырлары мен белгілі тұлғалары ханды алқалап, таққа отырғызды. Таққа отырысымен Қоқанға жорыққа аттанып, ежелгі Қазақ хандығының ордасы Созақтан бастап, Сыр бойындағы қалаларды тазартып, Ташкентке дейін елді азат етті. Жолшыбай кенезелері көуіп келе жатып, іркінді қара судан шөл қандырған сыпайлар ақтышқаққа ұшырап, қаланың өзіне шабуыл жасай жатқан темір құрсауды тас-талқан етті. Кенесары ханның өлер сәтінде:

«Рухымды менің оятар, қара жер-бесік тербетсе» деп айтқанындай, шырырап елінің болашағын қорғаған Желтоқсандағы жастардың азалы үні қара жерді тербеді. Оның «Сендермен бірге жүрегім» дегеніндей, халқының жүрегіне жерленген қайсар тұлға, үш ғасырдай езіп-жаншылған қазақтың санасына тәуелсіздік сәулесін себегізетті. Абылай ханның түсінде бақа-шаяннан қашып, айқайлай шошып оянаатыны қазақтың өмір тарихында 1986 жылға тұспа-тұс келді. Қабірде тыныш жатпаған Абылайдың аруағы, Кенесарының киесі сол күні қазақтың қалғып кеткен рухын оятты.

...Әулетті қызыл империя билігіне қарсы алғаш қазақ жастары бас көтеріп, осыша қанды кесепат орнатқан Кеңес одағы араға бес жыл салып күйреді. Басы бір үстемдікке бағынған он бес республика дербестігін алып, өз төтелі өмірін сүре бастады. Қазақ жұрты да тәуелсіздікке қол жеткізді.

Еркіндіктің жолы өте ауыр әрі ұзақ еді. Осы қиын жылдар мен қиыр жолдарда қаншама арыс, қаншама қанарман, қаншама аяулы ару қыршын кетті.

Ел-жұрт есін жиып, ары-бергі тарихын түгендеп, елдіктің жолындағы асыл мұратқа қол созған халық перзенттерін атай бастады. Оның басында Кенесары хан мен Наурызбай сұлтандар, Сыздық пен Тайышқ төрелер, Алаштың арыстары, Желтоқсанның жастары тұрды...

губернаторы Горчаковтың приставы, подполковник С.Абакумов, есаул Т.Нюхаловтардың үйлестіруімен ұлты татар Мұхамед Тагиров деген жансызы ақ патшаның жақсылығын шора мен шоңның төбесіне үйіп-төгіп, арнайы хат тапсырған. Ал ұлы жүз төрелері Сібір қырғыздары облысы шекара басқармасының бастығы, генерал Н.Вишневскийдің алдына барып, ақ патшаға ант беріп қойған еді.

Осындай жағдайда Жетісуға келген хан тұтқынға түсті. Оның басын шауып өлтіруге шынжырмен жетелеп халықтың алдына алып шыққанда айналасын шопла қарап, әдемі қоңыр дауысымен ән бастады. Бұл қостасу әрі аманат жыры еді.

«... Аман болса ұрпағым, тартпай қоймас тегіме, Азаттық үшін алысып, жетпей қоймас сертіне. ...Орындалмаған арманым, аманат болсын сендерге, Шайыауда көтер бармағым, төңдікке елім жеткенше. Рухымды менің оятар, қара жер-бесік тербетсе, Сендермен бірге жүрегім, заманың қысып шерлі өтсе. Азаттық үшін алысып, ұл-қызың есіп, ержетсе, Батырлық болсын тірегің. Қош болыңдар, қазағым!»

Адам біреу үшін жақсылық жасаса, ең мықтағанда оның жолында шыбын жанын қиғаннан артық ештеме істей алмайды. Ал арыстар өзге үшін одан да артық дүние істей алады. Ұлтының болашағы үшін шыбын жанын қия тұрып, өшпес рух қалдырады. Кенесары хан қазаққа еркіндіктің нұрын көрсетіп, тәуелсіздіктің рухын қалдырып, бостан болашақтың бағытын сілтеп беріп кетті.

Тағдыр әр кез өз дегенін жасай алады, тек өкі нәрсеге құдіреті жүрмейді: ол – біздің еркін рухымызды ауыздықтауға қауқарсыз және жалған сөйлей алмайды. Сондықтан 260 жылдай басы бұғауда болса да, азаттық үшін арпалысқан қазақ халқының перзенттері шынжыр бұғауды бұзып, қызыл империяға қарсы бас көтере алды. Ақырында үзілмей жалғасқан күрескерлік тұтас бір құрлықты алып жатқан темір құрсауды тас-талқан етті. Кенесары ханның өлер сәтінде:

«Рухымды менің оятар, қара жер-бесік тербетсе» деп айтқанындай, шырырап елінің болашағын қорғаған Желтоқсандағы жастардың азалы үні қара жерді тербеді. Оның «Сендермен бірге жүрегім» дегеніндей, халқының жүрегіне жерленген қайсар тұлға, үш ғасырдай езіп-жаншылған қазақтың санасына тәуелсіздік сәулесін себегізетті. Абылай ханның түсінде бақа-шаяннан қашып, айқайлай шошып оянаатыны қазақтың өмір тарихында 1986 жылға тұспа-тұс келді. Қабірде тыныш жатпаған Абылайдың аруағы, Кенесарының киесі сол күні қазақтың қалғып кеткен рухын оятты.

...Әулетті қызыл империя билігіне қарсы алғаш қазақ жастары бас көтеріп, осыша қанды кесепат орнатқан Кеңес одағы араға бес жыл салып күйреді. Басы бір үстемдікке бағынған он бес республика дербестігін алып, өз төтелі өмірін сүре бастады. Қазақ жұрты да тәуелсіздікке қол жеткізді.

Еркіндіктің жолы өте ауыр әрі ұзақ еді. Осы қиын жылдар мен қиыр жолдарда қаншама арыс, қаншама қанарман, қаншама аяулы ару қыршын кетті.

Ел-жұрт есін жиып, ары-бергі тарихын түгендеп, елдіктің жолындағы асыл мұратқа қол созған халық перзенттерін атай бастады. Оның басында Кенесары хан мен Наурызбай сұлтандар, Сыздық пен Тайышқ төрелер, Алаштың арыстары, Желтоқсанның жастары тұрды...

Әділбек ЫБЫРАЙЫМҰЛЫ,
Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Ел Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

ӘКІМШІЛІК ІСТЕРДІҢ СОТТЫЛЫҒЫ



Соттарда Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті – жария құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді едіп, бейтарап және уақытылы шешу.

Мәселен, соттар өз бастамасымен қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинай алады, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындай алады. Әкімшілік процесске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, дәлелдемелермен шектеліп қана қоймай, сот істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мен-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттей алады.

Істі қарайтын судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Сотқа құқықтық салдарды алдын ала түсіндіре отырып, тарапқа талап қоюларын тұжырымдауда және өзгертуде жәрдем көрсетуге құқық берілген. Сот процесінің барлық сатыларында формальды қателерді жоюға, түсініксіз сөздерді нақтылауға, әкімшілік істің мәні бойынша өтінішхаттарды беруге, толық емес нақты деректерді толықтыруға, істің мен-жайларын толық айқындау мен объективті бағалау үшін маңызы бар барлық жазбаша түсініктемелерді беруге жәрдем көрсетеді.

Яғни азаматтық іс жүргізудегі заң мен соттың алдындағы теңдігі қағидаты қолданылмай, әкімшілік істер бойынша мемлекеттік органның, лауазымды тұлғаның және талап қоюшының (жеке тұлға немесе заңды тұлға) арасындағы теңсіздікті осы соттың белсенді рөлінің негізінде жоюға мүмкіндік берілген.

Егер әкімшілік процесске қатысушылар ұсынған дәлелдемелер жеткіліксіз болып табылса, сот оларды өз бастамасы бойынша жинай алады.

Кодексте бұрын болмаған жаңа тәртіптер енгізілген. Мәселен, егер тиісті жауапкерді тартуға талап қоюшы қарсы болса, сот өз бастамасымен оны қосымша жауапкер ретінде іске тарта алады. Азаматтық іс жүргізуде тиісті жауапкерді талап қоюшы ауыстырмаса, сот талапты қанағаттандырудан бас тартады.

Әкімшілік сот ісін жүргізуде дәлелдеу ауыртпалығы да жаңаша бекітілген. Атап айтқанда, дау айту жөніндегі талап қою бойынша ауыртпалық әкімшілік актіні қабылдаған жауапкерге жүктелген. Жауапкер дауланған шешімнің немесе әрекетінің заңдылығын сотта өзі дәлелдеуі тиіс.

Мәжбүрлеу туралы талап қою бойынша сұратылып отырған әкімшілік актіні қабылдаудан бас тартуға негіз болған фактілер белгіде жауапкер және өзі үшін қолайлы әкімшілік актінің қабылдануы үшін ауыртпалықты талап қоюшы көтереді.

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (әрі қарай ҚР ӘРПК) 131-бабына сәйкес, әкімшілік сотта дау айту туралы талап қою, мәжбүрлеу туралы талап қою, әрекет жасау туралы талап қою, тану туралы талап қоюлар негізінде қозғалады.

Әкімшілік процесске қатысушылардың құрамы талап қоюшы, жауапкер, мүдделі тұлға және прокурор әкімшілік процесске қатысушылар болып табылады. Әкімшілік іске қатысатын өзге де адамдар куә, сарапшы, маман, аудармашы.

Қазақстан Республикасының ӘРПК-ның 77-бабының 1-бөліміне сәйкес, әкімшілік істі қарау нәтижелері бойынша әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік рәсімді тоқтату туралы шешімдердің бірі шығарылады.

Сот әкімшілік процесске қатысушылардың арыздарымен, өтініш хаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мен-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеу, түсініктемелерін тыңдау мақсатында алдын ала тыңдау және сот отырысын тағайындайды.

Сот отырысы тағайындалған күннен бастап, сот отырысы хатшысының белсенді жұмысы орын алады, яғни әкімшілік рәсімге қатысушыны өткізетін тыңдаудың орны мен уақыты туралы хабардар етеді. Әкімшілік іс бойынша жолданылатын хабарламалары мен шақырулары іске қатысушы адамдарға, сондай-ақ куәларға, сарапшыларға, мамандарға және аудармашыларға электрондық пошта мекен-жайы немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы, сондай-ақ хабарламаны немесе шақыруды тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де электрондық байланыс құралдарын пайдалана отырып хабарлама жолданады. Егер сотқа хабарланған мекен-жай бойынша тұлға іс жүзінде тұрмайтын болса, хабарлау немесе шақыру оның жұмыс орны бойынша жіберілуі мүмкін. Сонымен қатар сот отырысының хатшысы үш жұмыс күні ішінде жауапкерге және үшінші тұлғаларға азаматтық және әкімшілік талап қоюшының талаптарын негіздейтін құжаттардың көшірмелерін жібереді.

Тараптардың сот отырысына толықтай қатысуы әкімшілік істің дұрыс және жылдам шешілуіне маңызды ықпал етеді.

ӘРПК-ның 138-бабының 5-бөліміне сәйкес, судья жауапкерді Қазақстан Республикасының Азаматтық процесістік кодексінің талаптарына, әкімшілік іске (бар болса) сәйкес дайындалған және ресімделген жазбаша пікірді он жұмыс күннен аспайтын мерзімде беруге міндеттейді. Сот отырысының хатшысы жауапкерлердің белгіленген мерзімде пікір өткізудің қадағалау мақсатында телефон шалып немесе хат арқылы ескертулер жасайды.

Себебі пікірді белгіленген мерзімде ұсынбау жауапкерге ақшалай өндіріп алуды қолдану үшін негіз болып табылуы мүмкін. Сот отырысы бейнебайланыс арқылы өткізілген жағдайда сот отырысы хатшысының іс-әрекеті сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану қағидаларымен және оларға қойылатын талаптармен реттеледі.

Сот отырысының хатшысы әкімшілік істер бойынша іс қаралып, сот актілері шығарылғаннан кейін үш жұмыс күннен көшіктірімі сот актілерінің көшірмелерін тараптарға жолдауы қажет.

Асылхан МИЗАНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының төрағасы

Ойтаразы

2007 жылдың жазы еді. Байқоңыр қаласынан суық хабар жетті. Сонда тұратын нағашы інімнің баласы мен оның Аралда тұратын қайынағасының баласы суға кетіпті. Оқиға былай болған: оқушылардың жазғы демалысы болғасын қыдырып келген құда бала мен нағашымның ағайынды екі баласы қосылып қала іргесіндегі Сырдарияға шомылуға барады.

Түстен кейінгі уақыт болса керек. Екі үлкені суға түседі де, кішісі жағада отырып қалады. Бірін бірі қуалап ойнаған екі бала жағадан сәл ұзай бере кейін қайтқысы келіп, біраз әрекеттенеді. Ол жердің суы соншалықты терең емес екен. Бірақ ағысы қатты болып бой бермеді ме, әлде ажалына тура келді ме, бір батып, бір шығып жүріп, ақыры шым батып, мұны көріп тұрған жағалаудағы бала не істерін білмей есі шығып, әрлі-берлі жүгіріп, соңында үйіне келіп хабар берем дегенше көп уақыт өтеді.

Осы оқиғадан оншақты күн бұрын нағашы інім бала-шағасын ертіп «туған-туыстарды аралап жүріміз» деп Әйтеке би көңліндегі біздің үйге де соға кеткен. Күліп-ойнап мез-мейрам болып отырған 16-дағы жасөспірім Жансерікті сонда көрдім. Қазақша айтқанда, шамасы «бой жазыл» жүрсе керек.

...Біз келгендегі жағдай айтпаса да түсінікті. Суға кеткен балалардың әкелері есінен танғандай болып сыртта отырса, аналары жылауға да шамасы келмей талықсып жатқан.

Балаларды іздеу басталып кетіпті. Жақын-жуықтың, көрші-қолаңның, жана-шыр жандардың да керек болатын жері. Құдай жамандықтың бетін аулақ етсін, дәл осындай сыналатын тұста емес пе қазақтың «туысқаннан көрші артық» дейтіні. Әсіресе көршілері үлкен қолғабыс көрсетті. Байқоңыр қаласындағы төтенше жағдайлар бөлімінде қызмет істейтін көршісі моторлы қайық, жай қайық алдыртып, еріктілермен жақын-жуықпен бірге балалар суға кеткен жерді бірнеше шақырымға дейін қажетті құрал-жабдықтармен сүзгіледі. Жаздың ұзақ күнінде іздегізгіу әрекеттері таңғы сағат 5-6-дан қараңғы түскенше жалғасты. Облыс орталығындағы қызылордалық сүңгуірлерге хабар берілді. Бірақ жағдай қаражатқа тірелгендіктен, олар ертеңгі түсте жететін болды.

Уақыт болса өтіп барады. Қараңғы түскен соң дария бетіне жарық түсіру арқылы іздеу жалғастырылды. Бірақ еш нәтиже берген жоқ.

Таң атты. Іздеу қайта жалғасты. 6-7 сағат су астын сүзіп, толассыз шарлаған-дардың әбден қалқырағаны көзге бай-қалып тұрды. Жағдайдың барысы белгілі бола бастағанда балалардың әкелері еңіреп жылады. Үйінен Жансеріктің анасы алдырылып, алдын ала дайындалған жеті



Ниет түзулігі

күлше құдайысын дарияны жағалап жүгіріп жүріп суға лақтырды. Енді бұл көріністің сол аймақтағы жанды мен жансызға түгел қозғау салары анық еді. Бөріміз де суға кеткен балалардың табылуы үшін шын ниетпен тілектестік білдірдік.

Шын жыласа, соқыр көзден жас шығар. Жаратушы Алла тілекті қабыл етсе керек, біраздан соң араға бір сағат салып, суға кеткен екі бала бірінен соң бірі су бетіне шықты. Сондағы әкелерінің қуанғанын көрсеніз. Әрине мұны қуаныш дегеннен гөрі «денесін көрсек» деген уайымның қайтарымы деуге болар еді. Менің айтамын: өткенді жаңғыртып, қапалы жандардың қайғысына қозғау салу емес, дұға-тілектің, ниеттің қабыл болуы туралы.

Ниеттің қабыл болуы туралы тағы бір мысалға, дұрысы мына әпсанаға құлақ түріп көрейік. Ертеде үш жігіт тау арасымен жол жүріп келе жатады. Күн көшіріп бара жатқан соң тау етегіндегі үңгірге кіріп, тынығып алуды көздейді. Бірақ бұлар үңгірге кірген сәтте Құдайдың құдіретімен жер сілкінісі болып, үңгір аузын үйдей тас бітеп тастайды. Ал оны жылытамын деу құр әурешілік еді. Әрі отырады, бері отырады. Басқа амалдың жоқтығына көз-дері жеткен соң бұлардың арасындағы үлкені мынадай ұсыныс айтыпты:

– Жігіттер, жағдай өздеріне мәлім. Арам өлгеннен басқа жолдың қалмағаны анық. Келіндер, біз былай істейік. Біздің әрқайсымыз өз өміріміздегі ең бір жаратушының көңілінен шығайы ау деген жақсы ісімізді баян етіп. Мүмкін Құдай ниетімізді қабыл етіп, тығырықтан шығар жолды көрсетер.

Сонымен бірінші жігіт сөз алады.

– Мен бір отбасының асыраушысы едім. Қарт анам, әйелім, шиттей бала-шаға бір өзіме қарап отыратын. Азанымен ерте кетемін қас қарая келемін. Қара жұмыстың қандайы болсын менен ауыспайтын. Күнделікті тапқан-таянғанымды отбасыма азық қыламын.

Бір күні жұмыстан өте кеш қайттым. Келсем әйелім, балаларым тамағын ішіп жатып қалыпты. Ал байғұс еке-шешем менің келуімді күтіп, алдындағы азғантай наны мен сүтіне қолын да тигізбей, бір-біріне сүйенген қалпы ұйықтап кетіпті.

Олардың бұл ықылас-ниетіне көңілім босағаны сондай, шаршағанымды ұмытып, ұйқым қашып кетті. Оларды орнына жатқызып, үстеріне көрпе жаптым. Таң ат-қанша оянуын күтіп, қастарында отырдым.

Таңертең олар оянған соң қолдарына су құйдым. Ыдыстарына құмырадан сүт құйдым. Алдарына нан қойдым. Олар ауыз тигеннен кейін барып, бала-шағам руқсат еттім. Ата анамның маған деген осыншалық ықыласына мен өзімнің шын ниеттен шыққан азғантай қызметіммен жауап қайтардым. «Ей, Жаратушым! Егер менің өзімнің разылығың үшін шын көңілден жасаған осы әрекетімді өз құ-зырыңнан орын табылып жатса, онда біздің мына қасаптан құтылуымызға жәр-дем ет» деген кезде үңгір аузындағы тас аздап жылжып, саңлау пайда болады.

Бірақ шығып кетуіге мүмкіншілік болмайды.

Кезегін алған екінші жігіт әңгімесін бастайды:

– Мен – әжептәуір ауқатты адамның баласымын. Ойын-сауық, қызық қуып уақыт өткізіп жүрдім. Арам ойымды іске асыру үшін бір алыстау ағайымның қызына сөз салып жүргенмін. Ол жөні түзу қыз болатын. Әрине көнбей қойды. Мен оған көк сақтап, «Шіркін, оның басына маған мұқтаж болатын күн туса екен» дейтінімін. Інісі істі болып, әлгі қыз менен қаражат сұрай келді. Көктен тілегімен жерден табылған мен қызға ондай қаражатты беретінімді, бірақ ол үшін менің талабымды орындауы тиіс екенін сездірдім. Қыз байғұс қатты қиналды. Ақыр соңында: «Жарайды, мен сенің дегеніңе көндім. Бірақ Құдай алдында разы емеспін» деді.

Неге екенін қайдам, үнемі арсыз іспен айналысып келе жатқан маған дәл сол сәттегі қыздың інісін арашалап қалуы мен абыройын сақтап қалудың арасындағы жан күйзелісі қатты әсер етті. Артық сөзге келместен сұраған қаражатын қолына ұстаттым да жөніме кеттім. «Құдіреті күшті Жаратқан, егер менің өз разылығың үшін деп атқарған осы бір ісімді өзің үшін аз ғана ұнамды жағай болса, онда біздің мына жерден шығып кетуімізге көмектесе көр» дегенде үңгір аузындағы тас тағы да жылжыды. Бірақ әлі де шығып кетудің мүмкіндігі болмады.

Соңғы болып үшінші жігіт әңгімеге кіріседі:

– Мен – елге белгілі бай адамның бала-сымын Ақысын беріп, адам жалдап жұмыс істететінімін. Бір жолы әрқайсысына он қозылы қойдан беретін болып келісіп, үш адамды жұмысқа қабылдадым. Жұмысты бітіргесін олардың екеуі ақысын алып, разы болып жайына кетті де, үшіншісі бастапқы ақымен келіспейтінін сездіріп, үстеме сұрады. Бірақ мен әдепкі уәде күшінде екенін айтып келіспедім.

Ол ақысын алмай кетіп қалды. Оның еңбекақысы болып есептелетін он саулықты мен бөлек бақыттырым. Арада үш жыл өтті. Әлгі он саулық бір қора қой болды. Бір күні ақысын алмай кеткен жігіт келіп, өзінің қате болғанын айтып, еңбегін сұрады. Мен оған қора толы қойды көрсеткенімде ол сенімсіздік білдіріп, бас тартты. Оған жағдайды түсіндіріп, қойларын алдына салып бердім. «Ей, Жаратқан нем, өзіңді разы ету үшін жасаған осы қайырым біздің қазіргі халімізді ескеруіңе татитын болса, онда бізді мына зынданнан құтқара көр» дегенде үңгір аузындағы тас толық ашылып, жігіттер жөніне кетті.

Өмірдің өзнен алынған бұл екі мысалдың түйіні біреу ғана. Адам баласының қолға алуы қиын әрекеттінің бірі ниет түзулігі болса, адамның жақсы ниеті де, жаман ниеті де айналып өзін табатыны – дау тудырмайтын шындық.


Ә.ӘЛКЕБАЙҰЛЫ

Тәрбие негізі

Өзгенің арына тимеңіз

«Кімде-кім мұсылман бауырының ар-намысын сақтайтын болса, Алла Тағала қиямет күні ол адамды тозақ отынан сақтауды өзіне міндет етеді»

(имам Ахмад)



Дінімізде ар мен ұят – жоғары бағаланған құндылықтар. Алла Тағала адам баласын қадірлі де құрметті етіп жаратқанындай, оның ар-намысын да құрметті еткен. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алла Тағала мұсылманға өзге мұсылманның қаның, малың және ар-намысын харам етті» деп айтқан (имам Мұслим).

Діні мен дәстүрін ұштастыра білген қазақ халқы: «Жігіттің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы», «Төнім – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы», «Малыңа сүйенбе, арыңа сүйен», «Жігітке жар қымбат, намыс пен ар қымбат», «Жарлы болсаң да арлы бол» деу арқылы ар мен намыс атаулының адам баласы үшін қаншалықты қымбат екенін көрсеткен.

Ислам діні кез келген мұсылманның мал-дүниесің өмірін қорғауды мақсат тұтқандықтан оның діні мен ар-намысын сақтауды да міндет еткен. Бұған қатысты көптеген аяттар мен хадистер бар. Сондықтан дінімізде өзгенің ар-намысы мен абыройына нұқсан келтіруге қатаң тыйым салынған. Өзгенің ар-намысына тию көбіне сөз арқылы жүзеге асырылатындықтан Алла Тағала қасиетті Құранда оның бірнеше көріністерін баяндап, мұсылмандарды одан қайтарған. Оның көріністері мынадай:

1. Мұсылман бауырының сыртыңаң, ол ұнатпайтын нәрсе айту.
2. Мұсылман бойыңаң табылмаған нәрсені айтып кемсіту.
3. Мұсылман бауырына қатысы жоқ жалған есек-аяң таратып, жала жабу.

Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тәлім алған сахабалар да өзгенің ар-намысына тимеуді өздерінің өмірлік ұстанымына айналыра білген. Мысалы, хазреті Әбу Бәкір (Алла оған разы болсын) халифалықты Омарға (Алла оған разы болсын) тапсырған кезде оған былай деп есиет айтқан екен: «Уа, Омар, Алладан қорық! Алланың әмір еткен істерін орындап, тыйым салғандарынан сақтан. Саған халифалықты қалдырып бара жатырмын. Оған тек лайықты адамдар ғана ие болады. Кімде-кім өзгелерді жақсылыққа шақырып, бірақ оған өздері лайықты амал етпесе, сенімділігінен айырылып, амалдары зия етеді. Басшылықта халықтың қаражатын өз мүддесіне пайдалана. Мұсылманның қанын төгуден және олардың ар-намысына тиуден сақтан. Расында қуш-қуат тек Аллаға тән».

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Өсімнің (рибаның) ең жаманы – өзге мұсылманның ар-намысына тиіп, ренжіту» деген (имам Әбу Дәуд).

Дінімізде есімқорлық ауыр күнәлар қатарына жатқызылатындығы белгілі. Бұл хадисте өзгенің ар-намысына тиюді есімқорлықпен байланыстыру арқылы, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзгенің ар-намысына тиюдің күнесі есімқорлықтан да ауыр екендігін түсіндірген.

Бірде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) екі адамның біреу жайында ұнамсыз сөздер айтып тұрғандығын көреді. Кейін олар жүріп бара жатқандарында жол-желенкей есектің өлекесін байқайды. Сонда Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әлгі екі адамға өлекесін көрсетіп: «Бұны жейсіңдер ме?» – деп сұрайды. Олар бірден: «Уа, Алланың Елшісі! Мұны кім жешуі еді?» – деп таңырқайды. Сонда Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бағанағы бауырлардың абыройына тиетін сөздерді мына өлекесін жеуден де жаман», – деп ескерткен екен (имам Әбу Дәуд).

Дінімізде өзгенің ар-намысына тиюден сақтанып, қайта оны қорғау үлкен сауапты іс болып саналады.

Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім бір мұсылманның абыройы зиян шегіп, ар-намысы тапталып жатқан кезде оған көмектеспесе, Алла Тағала да оған көмек қажет болған кезде көмектеспейді», – деп айтқан (имам Ахмад).

Кімде-кім біліп-білмей өзгенің ар-намысына зиян тигізген болса, Алла Тағалаға тәубе етіп, ол адамнан кешірім сұрауы қажет. Хадисте: «Егер біреу өзгеге қандай да бір зиян тигізсе, мысалы: оның абыройына тисе, бірден сол күні одан кешірім сұрасын! Мал-мүлік болмайтын (қиямет) күнге қалдырмасын. Себебі ол күні, өзгеге тигізген зияндарының өтемі ретінде жасаған ізгі амалдарының сауаптарынан береді, егер ол таусылса, зардап шеккенің күнәларын арқалайды», – деп айтылған (имам Бұхари).

Жоғарыдағы аяттар мен хадистерден адамның құндылықтардың ішіндегі ең қажеттінің бірі – ар мен намыс екендігін түсінеміз. Адамның адамдығын сақтап, оны күнә атаулыға жібермейтін де – оның бойындағы ары. Халқымызда ауыр қылмыс, үлкен күнә жасаған адамды «арынан аттапты» деп атайтын да осыдан.

Халқымыз: «Жақсы аттың жалын сақтағанша, жаксы жігіттің арын сақта», – деген.

Мұхтар Әуезов: «Жалған намыс қасиет емес, ар сақтаған қасиет», – деп айтқан. Жүсіп Баласағұни бабамыз: «Бұл жалғанды бұзатын – арысз адам», – деу арқылы арысздық жайылған қоғамда күнә атаулы белең алатынын меңзейді. Хакім Абай атамыз «Отыз тоғызшың қара сөзінде» бұрынғы ата-бабаларымыздың арлылығын, намысшылдығын айта келіп: «Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айрылдық. Ендігілердің достығы – пейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық», – деп айтқан.

Ендіше өзіміздің де өзгенің де ар мен намысын жоғары бағалап, оны қастерлей білуімізді нәсіп етсін!

Дайындаған: Жақсыбек қажы Әбиұлы
Жалағаш аудандық орталық
«Иманқұл» мешітінің бас имамы

Мәселе


Құмар ойынның шырмауында жүрген лудомондар қазіргі таңда қоғамдық құндылықтарды төмендетуде. Ол тек материалдық шығынға ұшыратып қана қоймай, қазақтың болмысына тән емес рухани азғындыққа ұшыратты. Дертті дер кезінде емдейтін заң өне-міне қабылданады дегенше 1 жарым жылдың жүзі болды. Үкімет созбалақтап жүргенде букмекерлердің табысы 1 трлн теңгеден асып жығылды. Депутаттардың айтуынша, бұл істе жемқорлықтың иісі аңқып тұр. Бүгінгі мақаламызда осы мәселенің түйінін тарқаттық...

350 мың адам құмар ойынның құрбаны болған

Ел экономикасын төмендетіп, халықты әбігерге салған 350 мың адам құмар ойынның құрбаны айналды. Олардың қарызы орташа есеппен 10 млн теңгеден асады деген тұжырымдар да бар. Тіпті статистикаға сүйенсек, 10 жұптың 7-еуі осы азғындыққа әкелетін ойынның кесірінен ажырасады екен. Ал қылмыстық құқық бұзушылықтың кем дегенде 30 пайызын құрайтын қылмыскерлер құмар ойынның құрбаны екен. Сондай-ақ 5 000 адам осы мәселе салдарынан өз-өзіне қол жұмсаған.

Жалпы мамандардың айтуынша, ойыну-марлық нашақорлық пен алкогольге тәуелділіктен де зиян. Себебі құмар ойынға салынған адам жеңілген сайын депрессияға ұшырап, жүйкесі жұқара бастайды. Тіпті есінен адасып, қылмыстық жағдайларға да баратыны анық.

Ал біз лудомондарды құмарлықтан арылтамыз деп жүргенде керісінше көмектесіп, олардың санын арттыруға себеп болып жүрген жоқпыз ба деген сауал қатты мазалайды.



Себебі салыстырмалы түрде алғанда ойын және бас тігу қызметтерінің көлемі спорт, демалыс және ойын-сауық саласына қарағанда 21,3 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіш кітапханалар, мұрағаттар, мұражайлар және басқа да мәдениет объектілері қызметтерінің көлемінен 9 есе және шығармашылық, өнер, ойын-сауық саласындағы көрсеткішке қарағанда 12 есе көп.

Лудомония ауруына шалдыққан адамдарды «Бинго! Дабыл! Тағы тілік» деген сөзге еріп, шыға алмай қалуынан байқауға болады. Тіпті казинолардың ойыншыға бар жағдайын жасап, тәуелді етіп қоюға арналған құтқарулықтары жетерлік. Ойыншылар аз ақшамен бастап, соңында соңғы тиынына дейін қалай сыпырып алғанын да байқамай қалады. Психологтардың айтуынша, осыдан кейін ойыншы депрессияға түсіп, қоғамның үлкен дерті лудомония ауруына шалдығады. Ал бұл ауруды екінің бірі жеңе алмайтыны тағы бар. Бірі одан әрі қарызын үлкейтіп, қалай қайыршыға айналғанын байқамай қалса, енді бірі өз-өзіне қол жұмсап бұл дүниемен қоштасып жатыр.

Еуропада лудомонияға қарсы арнайы правайдерлер бар. Олар құмар ойынға салыны бара жатқан адамдарды шығарып алып, қоғамдық мекемелер тарапынан арнайы қызметкерлер бекітіліп, ойыншымен тікелей психологиялық жұмыс жүргізетін көрінеді. Мүмкін біздің мемлекетке де осындай нәрсені енгізгенде лудомония ауруына шалдыққандардың ауруын асқындырмас па едік?

Лудомондар енді анонимді емделе алады

Елімізде құмар ойынға тәуелді жандарды оңалтатын 127 орталық бар. Мамандар зерттеу барысында осындай жерге орта есеппен 110 адамның жүнгенін анықтаған. Әрине бұл министрліктің базасында жоқ, себебі жасырын емделген. Өйткені құмар ойынынан мемлекет есебінен емделу үшін ресми тіркеліп, есепке тұрған жағдайда олардың жұмысқа тұруы, әскерге баруы қиындайды. Қазір осыған байланысты оңалту орталықтарында «кеңес алуға тіркелу» деген тетік енгізебкіші. Яғни ол

арқылы лудомонияға шалдыққан адам жеке басының деректерін жасырын етіп, арнайы орталықтарда тегін емделе алаық. Бұл да бір құмар ойынға салынған адамдарды ауруынан айықтыруда үлкен көмегін береді деп сенеміз.

Жарнамасы жер жарады

Букмекерлік кеңселер қазіргі күнге дейін адамдарды құмар ойындарға тартып, агрессивті жарнамалық науқан жүргізіп қана қоймай, еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне де нұқсан келтіріп отыр. Онлайн-казиноға келетін болсақ, онымен күресудің негізгі әдісі әлеуметтік желілерді, интернет-ресурстарды бақылау, заңсыз материалдары бар сайттарға кіруді бұзғаттау секілді. Себебі әлеуметтік желідегі біз көретін екі жарнаманың біреуі міндетті түрде құмар ойынға, жеңіл ақша табуға арналған. Әсіресе бұндай жарнамалар еңбектеген бападан еңкейген қарияға дейін отыратын «Tik-tok» әлеуметтік желісінде көп көзdesеді. Қаржы мониторинг осы күнге дейін тікток-тан онлайн құмар ойын ұйымдастырған 100-ден астам аккаунты анықтаған. Оның ішінде құмар ойын ұйымдастырған Алматы қаласының екі тұрғыны 4 айда 13 млн теңгеге жуық заңсыз табыс тапқан. Олар заңға сәйкес 1,5 жылға дейін бас бостандығын шектеу жазасына кесілді.

Түйін: Статистикаға сүйенсек, көбіне құмар ойынды бас уақыты көп, кез келген заңда қолын оңай жеткізісі келетін, таршылық көріп өскен отбасынан шыққан адамдар ойнайды екен. Нәтижесі бас жүреді, себебі олардың белгілі бір мақсаты жоқ. Осындайда Абай атамыздың:

«Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоктық,
Аздырап адам баласын» деген өлең жолдары ойға оралады.

Бұл дертке шалдықпас үшін дүниенің құлы болмай, ең әуелі өзімізбен күресу қажет. Ал дертке шалдыққан жақындарыңызды көрсеніз дер кезінде мамандардан жақыныңызбен бірге барып кеңес алыңыз. Алайда құмар ойынға тәуелді болған адамды қоғамнан шеттетіп, қысым жасамау қажеттігін де естен шығармау керек. Себебі мұның соңы қылмысқа немесе бір отбасының шаққалуына яки өз-өзіне қол жұмсауға апаруы әбден мүмкін.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеріп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 276

Кешекші редактор: Астоты БҰРКІТБАЙ